

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойғал*

Ақтөбе облысы Бұрғыз ауданы Құмтоғай ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 2 маусымдағы № 23 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 8 маусымда № 5522 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Бұрғыз ауданы Құмтоғай ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 3 қазандағы № 27 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Бұрғыз ауданы Құмтоғай ауылдық округі әкімінің 03.10.2017 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы ауылшаруашылығы министрлігінің ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің Бұрғыз аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылғы 16 мамырдағы № 16-07/118 ұсынысы негізінде Құмтоғай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Құмтоғай ауылдық округі Құмтоғай ауылының Қ. Шегебаев көшесінде ірі қара малдарының арасынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Құмтоғай ауылдық округінің әкімі*

*Қ. Әбенов*